

С. М. Нұрғалиева, психология кафедрасының аға оқытушысы
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

Е. М. Нұрғалиев, педагогика және басқару теориясы кафедрасының аға оқытушысы, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ІС -ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексінде «...мемлекеттік қызметкерлер өз іс-әрекетінде жұмысына деген өзіндік қатынасымен және өзінің тәртібімен ұжымда жағымды моральдық-психологиялық және тұрақты жағдай туғызуға септігін тигізуі қажет» деген болатын¹. Осы тұрғыдан келсек құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзіндік қатынасының құқық қорғау органдары жұмысының нәтижелігінде, еліміздің тәуелсіздігінің нығаюында, жалпы қоғамдық тәртіптің сақталуында маңызы зор.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуде қоғамдық өмірдің және мемлекеттің құқық негіздерін нығайту міндетін шешуге психология ғылымы, оның ішінде оның бір саласы заң психологиясы өз үлесін қосуы тиіс.

Кейінгі психологиялық зерттеулерде кез келген кәсіби іс-әрекетті, психологиялық шарттарды (объектілік, субъектілік), психологиялық құралдарды (вербальды және вербальды емес) және психологиялық тәсілдерді (кәсіби бақылау, психологиялық бейнені талдау, өтінішті және хабарды психологиялық талдау, психологиялық байланысты құру, психологиялық әсер, жан-жақты ойлауды жеделдету) тиімді орындауда ішкі істер органының жедел-қызмет әрекетінің маңыздылығы анықталған².

Көптеген құқықтық білімдер психологиялық тұрғыдан қарастырылмайды (мысалы, материалдық құқық сұрақтары), бірақ құқықтың бірқатар негізгі проблемалары психологиялық білімсіз шешімін таппайды. Өйткені, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзіне деген сезімі оңды болса ғана, ол ұжымдағы жұмыскердің, халықтың және тіпті қылмыскердің өзіне деген дұрыс көзқарасын қалыптастыра алады. Әрине, адам өзін жақсы көрмесе, қоршаған ортасын жақсы көруі күмән туғызады.

Құқық қорғау органдары кәсіби әрекеттері мемлекеттік болып саналады. Мемлекет бұл орган алдына азаматтарға қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған, қылмысты сәйкестендіру мен оның алдын алу және басқару тәртібіне қол сұғуға бағытталған нақты мақсаттар мен міндеттер қояды. Мемлекет құқық қорғау органдарын жетілдіру мен қайта даярлауға арнайы жүйе құрады. Бұл талаптар барлық құқық қорғау жүйесі мен оның әрбір звеносына, оның әрбір қызметкеріне де қойылады. Қызметкердің құқық қорғау органындағы жұмысының негізгі психологиялық құрылымын негізгі анықтаушы компоненті оның танымдылық белсенділігі, өзін-өзі тануы т.б. болып табылады. Кәсіби психологиялық дайындықты нақты іс-әрекет түріне байланысты зерттей отырып, В.Н. Кузнецов мемлекеттік қызметтегі мамандардың психологиялық дайындық сипатын қарастырды, онда функционалды тәуелді динамикалық құрылымды элементтері арасындағы күрделі психикалық білім, функционалды, операциялық, тұлғалық компоненттердің ағымы сипатында қарастырады³.

Сонымен, құқық қорғау органының қызметкерінің жеке тұлға ретіндегі психологиялық ерекшеліктері оның еңбек әрекетіне өз көрінісін беруі алғашқы рөл ойнайды.

Құқық қорғау органының тіпті көпке танымал жетістіктің өзі жеке тұлғаның, жеке ептілігінен гөрі жалпы дамуына байланысты болатын әрекеттер қатарына жатады.

Құқық қорғау қызметкері болу үшін, қандайда бір табиғи алғышарттардың болуы керек емес. Аталған жұмысқа қажетті барлық ептіліктер дұрыс қол жеткізілген болып саналады. Оған қабілетсіздік алғышарттың жоқтығымен емес, қажетті қасиеттерді қабылдап алған тәрбие ерекшеліктеріне байланысты болады.

Көптеген зерттеулер сенсорлық және перцептивтың тапсырма орындаудың тиімділігі кәсіби тәжірибе мен арнайы жаттығу арқылы көтерілетінін қарастырады (Л.И. Селецкая, В.И. Кауфман, Н.К. Гусев, т. б.)⁴.

Айтылғандардың негізінде құқық қорғау органдарында жұмыс істеу үшін жоғары жүйкені немесе темпераментті талап ету, мәселені дұрыс қоймаудан көрінеді. Т. Богданның болжауынша холерик және меланхолик темпераменттердегі адамдардың құқық қорғау органдарында жұмыс істеуі принципті түрде қарама-қарсы дейді.

Бұл жерде құқық қорғау органдарында әртүрлі темпераменттегі адамдар жұмыс атқарып жатқанын айта кету керек.

Мінездегі ерекшеліктер әртүрлі тергеу әрекеттерін жүргізу мен тактикалық тәсілдерді қолдану барысында көрінеді. Бір қызметкер жақсы жауап алса, құжаттармен жаман жұмыс істейді. Екінші қызметкер өз ептілігінің жетіспеушілігін заттай айғақтарды анықтау, қарау мен тінту жүргізу кезіндегі жақсы байқағыштығымен ерекшеленеді. Іздеушілік қасиеттерінің жақсылығына байланысты бірінші қызметкер айыпталушыдан қажетті заттарды тығып қойған жерді көрсетуіне қол жеткізеді т. б.

Қызметкердің нақты бір категориядағы істі тергеу барысында нақты бір жұмыс түрін орындауға деген бейімділігіне көбіне оның икемділігі мен іскерлігін айқын көрінетінін айтпай кетуге болмайды⁵.

Кәсіпті меңгеру жолында жұмыскерде әртүрлі психологиялық құрылымының дағдылары қалыптасады.

Құқық қорғау саласында жұмыскердің тәжірибе алу мен білімін сақтауда оның танымындағы ес процесі үлкен рөлге ие болады. Ішкі істер қызметкерлеріне қойылатын талаптардың сипаты оның кәсібінде еркін, мағыналы есті және оның үлкен көлемі, жоғары нақтылық және дайындық сияқты басты сапаларының бірі етіп алады.

В. Н. Пушкин оперативты ойлаудың творчестволық ойлаумен ұқсастығын байқаған. Әрекетті жоспарлау, жаңа жағдайларға икемдеу, жаңа әдістер ізестіруді шығармашылық процесс деп атауға болады.

Жігер — мақсатталған іс-қимылдарды орындау кезіндегі ішкі және сыртқы қиыншылықтарды жеңумен байланысты болатын, адамның өз әрекетін, жүріс-тұрысын, саналы түрде реттеуі.

Өкінішке орай қазіргі кездегі ғылымда тергеуші қызметкерлердің ептіліктерін, дағдысы мен бейімділіктерін анықтайтын сенімді әдістері жоқ және ол әдістер, қызметкердің қызметке жарамдығын анықтау мәселесін шешуде қолдануға жарамды болған болар еді.

Құқық қорғау органдарында ең бірінші келесі қасиеттер қажет: талапкершілдік, қуаттылық, қалыптасқан жағдайға байланысты өзін-өзі ұйымдастыра білу, міндеттер қалыптастыру мен өз әрекеттерін жоспарлау мен оны этаптарға бөлу қасиеттерінің болуын талап етеді.

Тапқырлық, жауапкершілік талап қоя білушілік құпияны сақтай білу, әртүрлі адамдарды басқаруға қажетті ұйымдастырушылық бейімділігі.

Шыдамдылық, тәртіптілік, өзіне деген сыни көзқарас, ұжымдастары мен басшылармен қарым-қатынаста өзінің жоғары адамгершілік қасиеттерін сезіну.

Өзінің кәсіби қызметінде жұмыскерге ақпарат көзі ретіндегі сөзге қатынасуға тура келеді.

Тіл және сөз — тергеушінің іске қатысатын адамдармен күрделі өзара қарым-қатынас және өзара әрекеттер жүйесін ұсынатын жұмыстағы басты құралдары болып табылады.

Кері жағдайда жұмыскер немесе айыпталушы сұрақты түсінбеуі және қате жауап беруі мүмкін.

Құқықтық таным адамның құқық тәжірибесін бейнелеуімен қатар адамның жүріс-тұрыс мотивтерін белгілейді. Сыртқы әсерлерден пайда болып, кері байланыс принципі бойынша құқықтық таным адам әрекетін бағыттайды, құқықтық жағдайда лайықты жол табуға әсерін тигізеді, яғни жүріс-тұрыс реттеу функциясын атқарады.

Құқықтық таным тұлғаның сана элементі ретінде үш компоненттен тұрады:

Зерделік (таным) компонент — құқықтық білім мен ептілік дағдылар қосылады.

Эмоционалық (бағалау) компонент — құқықтық нормаға деген қатынас, оны бағалау (позитивті, негативті баға беру, оған немқұрайлы қарау).

Мінез-құлықтық (эмоциялық-жігерлік) компонент — заңды жүріс-тұрысқа дайын болу, оны қабылдау, заң бұзушылыққа төзбеу, құқық ережелерін орындауға бағыттану.

Көпшілік жағдайда мәнді емес бірқатар психологиялық ерекшеліктерді анықтап, басты тұлғалық ерекшеліктерді көре алмау кең таралған.

Негізгі психологиялық және заң психологиясы ілімінің қағидаларына сәйкес құқық қорғау іс-әрекетіне деген қабілеті тұлғаның маңызды қасиеттерін бағалау жиынтығы бойынша анықталады. Атап айтқанда:

– әлеуметтік-мотивациялық қасиеттер (өмірлік бағдарлар, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігінің деңгейі);

– кәсіби-мотивациялық қасиеттері (мамандықты таңдау мотивациясы, іскерлік құндылықты бағдарлар);

– құқықтық санасы;

– моральды-психологиялық дайындығы;

– іскерлік қасиеттері;

– танымдық психологиялық қасиеттері;

– психофизиологиялық қасиеттері⁶.

Құқық қорғау іс-әрекетінің ерекшелігі — ол құқық режимінде іске асырылатын әлеуметтік іс-әрекет. Оның талаптарының спецификасы әлеуметтік талабында, қатаң заңдылығында, жоғары моральдылығында. Көпшілік жағдайда кадрлардың нашарлығының факттары негізінде құқықтық психология мен қызметкерлердің моральды-психологиялық дайындығының дефекттері жатады. Сондықтан құқық қорғау іс-әрекетіне қабілетті қызметкерлерді таңдауда олардың мотивациондық қасиеттерін, құқықтық санасын, моральды-психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, бағалау приоритеті болып келеді.

Соның ішінде құқық қорғау органдарындағы қызметкерлердің өзіндік санасы мен өзіне деген қатынасы анағұрлым интеграцияланған, тұтас құрылым болып келеді. Өзіндік санасының деңгейін жоғарлату мен өзіне деген қатынастың адекваттылығы қызметкерлердің психологиялық ден саулығының кепілдігі бола алады.

-
- ¹ Толочек В. А. Психологические факторы специализации и успешности субъектов в видах охранной деятельности // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. 1998.
 - ² Хаккер К., Хойос К. Мотивация профессиональной деятельности. — М., 1991.
 - ³ Шавир П.А. Психология профессионального определения. — М., 1981.
 - ⁴ Ростунов А.Т. Формирование профессиональной пригодности. — М., 1984.
 - ⁵ Сапарин О. Е. Основы психологии и педагогики в юриспруденции. — Актобе, 2000.
 - ⁶ Психология: Учебн. для гуманитар. вузов / Пед. ред. В. Н. Дружинина. — СПб., 2005.